

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Қабыл Әмина Айбарқызы

«Астана қаласындағы қоғамдық кеңістігі ашық ірі қонақ үй кешені»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Алматы 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Т.ғ.д., профессор

 С.Б. Шаяхметов


«09» 06 2025ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Астана қаласындағы қоғамдық кеңістігі ашық ірі қонақ үй кешені»

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Орындаған

 Кабыл Ә. А.

Рецензент


Директор KazDorStroy



20 ж.

Ғылыми жетекші

д.т.н., қауымдастырылған
профессор

 Бесимбаев Е. Т.
«__» __ 20 ж.

Алматы 2025 ж.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Бекітілді
Кафедра меңгерушісі
т.ғ.д., профессор
 С.Б. Шаяхметов
«29» 01 2025ж.

Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА

Білім алушы Қабыл Әмина Айбарқызы

Тақырыбы: «Астана қаласындағы қоғамдық кеңістігі ашық ірі қонақ үй кешені»
Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор 2025 жылғы
«29» қаңтар № 26-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі « 05 » маусым 2025ж.

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Құрылыс ауданы – Астана қаласы.

Ғимараттың конструкциялық жүйесі - . архитектуралық шешімдері - .

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

- а) Сәулет-аналитикалық бөлімі: негізгі бастапқы деректер, көлемдік-жоспарлау шешімдері, қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғаның), жылу-техникалық есебі, жарық техникалық есептеу, іргетас нұсқаларының есебі және орналастыру тереңдігі, энергия тиімділігі шараларының негіздемесі;
 - б) Есептік-конструктивтік бөлімі: есептік ж.ктемелерді анықтау ;
 - в) Ұйымдастыру-технологиялық бөлімі: технологиялық карталарды әзірлеу, құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыс бас жоспары;
 - г) Экономикалық бөлім: жергілікті смета, объектілік смета, жинақтық смета;
- Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

- 1. Сәулет-аналитикалық бөлімі - 6 парақ;
- 2. Есептік-конструктивтік бөлімі - 2 парақ;
- 3. Ұйымдастыру-технологиялық бөлімі - 3 парақ;

Жұмыс презентациясы слайдтарда 11 парақ көрсетілген







Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 1.ҚР ҚЖ 2.04-01-2017, Құрылыс климатологиясы,
2.ҚР ҚНЖЕ 2.04-107-2013, Құрылыс жылутехникасы атаулардан.

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	30%	60%	90%	100%	Ескерту
Сәулет-аналитикалық	28.12.2024- 08.01.2025				
Есептік- конструктивтік		08.01.2025- 23.02.2025			
Ұйымдастыру- технологиялық			24.02.2025- 06.04.2025		
Экономикалық				07.04.2025- 20.04.2025	
Алдын-ала қорғау	14.04.2025 - 25.04.2025				
Сапаны бақылау (ТЖ)	21.04.2025 - 16.05.2025				
Антиплагиат	08.05.2025 - 21.05.2025				
Нормобақылау Сапаны бақылау (сызбалар)	12.05.2025 - 05.06.2025				
Қорғау	09.06.2025 - 28.06.2025				

Аяқталған дипломдық жұмыс (жоба) үшін, оған қатысты бөлімдердің
жұмыстарын (жобасын) көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының
қойған
қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Сәулет- аналитикалық	Бесимбаев Е. Т., д.т.н., қауымдастырылған профессор	27.12.2024	
Есептік- конструктивтік	Бесимбаев Е. Т., д.т.н., қауымдастырылған профессор	06.01.2025	
Ұйымдастыру- технологиялық	Бесимбаев Е. Т., д.т.н., қауымдастырылған профессор	20.02.2025	
Экономикалық	Бесимбаев Е. Т., д.т.н., қауымдастырылған профессор	04.04.2025	
Нормобақылау	Елубаев А. Б., ассистент	09.06.2025	
Сапаны бақылау	Козюкова Н. Б., т.ғ.м., аға оқытушы	09.06.2025	

Ғылыми жетекші

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

Күні

Бесимбаев Е. Т.

Қабыл Ә. А.

« 04 » 02 2025 ж

АҢДАТПА

Ұсынылған дипломдық жұмыс Астана қаласындағы сегіз қабатты заманауи қонақ үй кешенін жобалауға арналған. Бұл кешеннің басты ерекшелігі – кең ауқымды қоғамдық кеңістіктердің болуы. Жобада негізінен ғимараттың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған инженерлік-сәулеттік шешімдер қарастырылады.

Жобаның негізгі мақсаты – қонақтар үшін қолайлы, әрі қауіпсіз ортаны қалыптастыру және қазіргі заманғы сәулеттік талаптарға сай келетін нысан әзірлеу. Қонақ үй кешені Есіл ауданында, Ұлы Дала даңғылы мен Е810 көшесінің қиылысында орналасады.

Диплом жұмысы келесі төрт бөлімнен тұрады:

- сәулет-жоспарлау және аналитикалық бөлім;
- конструкциялық есептеу мен құрылымдық шешімдер бөлімі;
- құрылыс процесін ұйымдастыру және технологиясы;
- экономикалық-қаржылық негіздеме.

Сәулет бөлімі жобалаудың бастапқы кезеңін қамтиды. Бұл бөлімде кеңістік пен функцияны тиімді жоспарлау үшін Revit 2025 бағдарламалық кешені қолданылды. Нысанның сыртқы бейнесі, қасбеттері мен ішкі құрылымы осында әзірленді.

Конструкциялық шешімдер бөлімінде жүктемелер қойылып, ғимараттың көтергіш қабілеті мен орнықтылығы ЛИРА-САПР 2021 бағдарламасының көмегімен есептелді. Есептер ҚР құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес жүргізілді.

Негізгі көтергіш элементтер – қабырғалар мен аралық жабындар – қолмен есептелді. Арматуралау сызбалары, өлшемдері мен қималары AutoCAD 2024 ортасында техникалық құжаттама ретінде дайындалды. Бұл ретте классикалық сөз тіркестерінен аулақ болуға мән берілді.

Құрылыс-технологиялық бөлімінде құрылыс алаңының бас жоспары, қажетті техника түрлері, қазаншұңқырдың геометриясы мен құрылыс барысын жоспарлау кезеңдері AutoCAD 2024 графикалық ортасы арқылы нақтыланды.

Жобаның соңғы бөлігінде – экономикалық талдауда – құрылысқа кететін шығын көлемі, жұмыс күшінің еңбекақысы және жобаның жалпы сметалық құны.

АННОТАЦИЯ

Представленный дипломная работа посвящена проектированию современного гостиничного комплекса на восемь этажей, расположенного в городе Астана. Одним из ключевых аспектов проекта стало обеспечение устойчивости и надежности конструкции здания с учётом нормативных требований.

Цель проекта заключается в создании комфортной и безопасной среды для гостей, а также в разработке архитектурного решения, соответствующего современным тенденциям. Гостиница размещена на пересечении проспекта Ұлы Дала и улицы Е810 в Есильском районе Астаны.

Структура диплома охватывает четыре основные части:

- аналитико-архитектурный раздел;
- расчетно-конструктивная часть;
- организация строительного процесса и технологии возведения;
- экономическое обоснование.

В архитектурной главе выполнена концепция застройки, проработаны фасады и внутренние планировки, разработанные в программной среде Revit 2025 с применением BIM-технологий. Это позволило эффективно реализовать функциональное и пространственное зонирование здания.

На этапе конструктивного анализа была выполнена проверка прочности и несущей способности здания в среде ЛИРА-САПР 2021 с учётом строительных норм. Для отдельных несущих элементов также проведены ручные расчёты. Армирование, размеры и геометрические параметры конструктивных частей были оформлены в AutoCAD 2024, где подготовлены соответствующие чертежи.

В разделе технологии строительства разработан стройгенплан, определены виды техники, произведён расчёт котлована и составлен график выполнения работ — всё это реализовано с применением AutoCAD 2024.

Финальный раздел включает в себя экономический анализ, в рамках которого рассчитаны затраты на материалы, заработная плата рабочих и общая стоимость объекта, используя программное обеспечение СМЕТА РК.

ABSTRACT

This graduation project focuses on the development of an eight-story hotel complex located in Astana. A major component of the work is the selection of structural and architectural solutions aimed at ensuring the building's durability and compliance with safety regulations.

The main goal is to create a functional and secure environment for guests, while designing the structure in accordance with contemporary architectural standards. The facility is situated at the junction of Ula Dala Avenue and E810 Street in the Esil district of Astana.

The diploma consists of four main sections:

- architectural and analytical part.
- structural analysis and calculations.
- construction methods and technological planning.
- economic feasibility study.

The architectural section includes a master plan, façade designs, and layout arrangements, developed using Revit 2025, a software environment that supports BIM-based planning. At this stage, key spatial and functional decisions were established.

In the structural part, analysis of loads and the load-bearing capacity of the structure was conducted in accordance with building codes, using the LIRA-SAPR 2021 software. Additional manual calculations were performed for certain structural components. Reinforcement detailing, element dimensions, and technical drawings were created using AutoCAD 2024.

Within the construction technology section, a general construction plan was drafted, excavation layouts were prepared, and equipment selection was made in compliance with standards — all visual materials were finalized in AutoCAD 2024.

The economic part of the project presents a cost analysis, including labor expenses, material costs, and the overall budget, calculated using the SMETA RK system.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Ғимараттың сәулет-талдау бөлімі	10
1.1 Құрылыс аймағы мен климаттық жағдайлар сипаттамасы	10
1.2 Ғимараттың сәулеттік шешімдері	13
1.3 Техникалық-экономикалық көрсеткіштер	14
1.4 Құрылыс алаңының геологиялық, инженерлік жағдайлары	14
1.5 Қоршау құрылымдарының жылу-техникалық есептеуі	15
1.6 Қонақ үйдің инженерлік жүйелері	16
1.7 Ғимараттың табиғи жарық коэффициентін есептеу	17
1.8 Энергия тиімділігін арттыру	18
1.9 Ғимараттың көлемдік жоспарлау шешімдері	22
1.10 Іргетас пен оның төсеу тереңдігін есептеу	23
1.11 Құрылымдық жобалау шешімдер	24
1.12 Ғимараттың есептік моделі	25
2 Есептік құрылымдық бөлім	26
2.1 Бастапқы деректер	26
2.2 Жүктемелерді енгізу	26
2.2.1 Тұрақты әсер ететін жүктемелер	27
2.2.2 Қардың түсіретін әсері	29
2.2.3 Желдің әсері бойынша жүктемесі	29
2.3 Өртүрлі есептік жағдайларға арналған жүктеме үйлесімдері	30
2.4 Құрылыс іргетасын құрайтын топырақтың модельдік параметрлеуі	30
2.5 Есептеу нәтижелерін сараптау және растама тексеру	33
2.6 Құрылымдық бөліктерді есептеу	34
3 Құрылыс өндірісін ұйымдастыру және технологиялық шешім	40
3.1 Алғашқы мәліметтерді дайындау және деректерді нақтылау	40
3.2 Жұмыс көлемін анықтау	41
3.3 Жер жұмыстары үшін құрылыс машиналарын таңдау	46
3.4 Еңбек сыйымдылығын және еңбек шығындарын анықтау	55
3.5 Жобаны ұйымдастыруда күнтізбелік жоспар	56
3.6 Жоба алаңының ұйымдастыру	56
Құрылыстың экономикалық бөлімі	57
Қорытынды	59
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	61
А қосымшасы	62
Б қосымшасы	77
В қосымшасы	95

КІРІСПЕ

Астана Қазақстан Республикасы үшін өте маңызды рөл атқарады, Қазақстанның жүрегі және маңызды саяси орталық болып табылады. Астана - бірқатар инновациялық жаңалықтар мен мәдени мұра объектілері орналасқан қала. Мұнда заманауи мұражайлар, театрлар, қонақ үйлер орналасқан.

Қонақ үй жобасы - бұл экономикалық даму мен туризмді дамытуға ықпал ететін жоба. Қазіргі заманғы қонақ үйлердің талаптары тұрғысынан қазіргі заманғы заманмен қатар жүру: әсіресе қауіпсіздік талаптарын сақтау, жайлылықтың жоғары деңгейі, қазіргі заманғы технологияларды енгізу. Қонақ үйдің басты мақсаты - барлық қонақтар өзін жайлы сезіну және туризмнің дамуына ықпал ету.

Жобаның негізгі функционалдық мақсаты стандарттар мен ережелерге сәйкес әзірленген эстетикалық жағымды және экономикалық тиімді жобаны әзірлеу болып табылады. Көптеген басқа да аспектілерді ескеру керек: сәулеттік шешімдерін, конструктивті шешімі және заманауи қарқынға сай энергия тиімділігін қарастырған жөн. Энергия тиімділігі экономикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар табиғи ресурстарды тиімді сақтайды.

Қазіргі заманғы қонақ үйлер туристер мен бизнесмендер үшін ғана емес, қаланың инфрақұрылымдық келбетін безендіру үшін де маңызды элемент болып табылады. Баламалы энергия көздерін, оның ішінде жел генераторларын пайдалану станцияның энергия тұтынуын төмендетуге, экологиялық қауіпсіздікті арттыруға және техникалық жүйелердің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған жоба демалушылар мен іскер саяхатшыларға арналған заманауи кеңістіктерді, конференц-залдарды, демалыс аймақтарын және қоғамдық кеңістіктерді ұсынады. Бұдан басқа, ғимаратта желдің энергиясы негізінде энергетикалық жүйе бар, ол қонақ үйдің пайдалану шығындарын азайтуға және ұзақ мерзімді перспективада көміртегі шығарындыларын қысқартуға көмектеседі.

Қонақ үйдің сәулеті қаланың заманауи стиліне сәйкес келуі тиіс. Бұл жоба тек функционалдық шешімдерге ғана емес, Астананың сәулеттік келбетімен үйлесімді эстетикалық жағымды жобаны жасауға да бағытталған. Құрылыс кезінде климаттық, экологиялық және қалалық сипаттамалар ескерілді. Астанада қыстың суық мезгілдеріне, күшті желге және температураның ауытқуына ерекше назар аударылды.

Жобаның беріктігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін ол орналасқан қаланың сипаты мен ауа райының ерекшеліктері белгіленеді, мұқият есептеледі және жобаланады.

1 Ғимараттың сәулет-талдау бөлімі

Сәулет-талдау бөлігі құрылыс аймағын және оның климаттық жағдайларының сипаттамасын, сәулет шешімдерін, жарық техникалық есептерін, техникалық-экономикалық көрсеткіштерін, құрылыс алаңының геотехникалық жағдайларын, ғимараттың инженерлік жүйелерін сипаттайды.

1.1 Құрылыс аймағы мен климаттық жағдай сипаттамасы


Астана қаласы бұрынғы Ақмола облысының аумағында орналасқан. Оның жалпы жер көлемі 797,33 шаршы километрді құрайды. Бүгінгі күні қала аумағы бес ішкі ауданға бөлінеді: Нұра, Алматы, Байқоңыр, Сарыарқа және Есіл. Сонымен қатар, әкімшілік тұрғыда қала төрт ауданға жіктелген. 2017 жылдың маусым айынан бері Астана ресми түрде мегаполис мәртебесіне ие. Қазіргі кезде мұнда шамамен 1,4 миллион адам тұрып жатыр.

Қала орналасқан аймақтың табиғи-климаттық жағдайларына келсек:

- Астана I-B климаттық белдеуге жатады;
- Бұл аумақтың сейсмикалық белсенділігі 5 балл деңгейінде бағаланады;
- Ең суық бес күн ішінде тіркелетін сыртқы ауа температурасы орта есеппен $-31,2^{\circ}\text{C}$ шамасында;
- III климаттық ауданға сай қар қабатының нормативті салмағы — 1,5 кПа;
- Жылу маусымы кезеңіндегі салыстырмалы ауа ылғалдылығы орта есеппен 67 пайызды құрайды;
- Ең жылы ай – шілде, осы кезеңдегі орташа максималды температура – $20,7^{\circ}\text{C}$;
- Құрылыс нысаны жоспарланған аумақта жел бағыты мен орташа жылдамдық көрсеткіші IV ретінде есепке алынады.




1.1-сурет –Жобаның орналасу орны



1.4-сурет – Қар жүктемелеріне байланысты аудандалудың үлгісі

Астана қаласы деректерге жүгіне отырып IV жел ауданына қатысты.



1.5-сурет – ҚР жел жүктемелері бойынша аудандарға бөлу схемасы

Қосымша А бөлімінде жобаның салынатын жеріне қатысты барлық климаттық сипаттамалар жинақталған.

Бұл деректер [1] әдебиеттен алынған.

1.2 Ғимараттың сәулеттік шешімдері

Қонақ үй ғимаратының негізгі функционалдық салалары

Қонақ үйді жобалау кезінде оның ыңғайлы және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін негізгі бөлмелерді дұрыс жоспарлау өте маңызды. Қонақ үй уақытша орналастыру орны ғана емес, демалыс, іскерлік кездесулер және қызмет көрсету орны болып табылады. Ғимарат құрылымында мынадай функционалдық аймақтар көзделген:

- Қабылдау және тіркеу аймағы (ресепшн) қонақтардың бірінші ықпал ету аймағы болып табылады. Мұнда қонақтар тіркеледі, қажетті ақпаратты алады және өз бөлмесіне жіберіледі. Аудан заманауи интерьермен, ақпараттық

жүйелермен және персоналдың жұмысын жеңілдететін техникалық құралдармен жабдықталған.

– Тұрғын бөлмелер (қонақ бөлмелері) – қонақ үйдің басты бөлігі. Бөлмелер әртүрлі санатта болуы мүмкін: стандартты, люкс, бизнес-класс. Әр бөлмеде демалысқа қажетті жиһаз, санитарлық торап, интернетке қолжетімділік және тұрмыстық техника қарастырылған.

– Мейрамхана мен асхана бөлімі – қонақтарға таңғы ас, түскі және кешкі ас ұсынуға арналған. Бұл бөлімде әртүрлі тағамдар ұсынылатын негізгі зал, асүй, сервистік кеңістіктер мен қоймалар орналасады.

– Фойе және күту залы – ресми емес кездесулер өткізуге немесе демалуға арналған кеңістік. Мұнда жиі жұмсақ жиһаздар, ақпараттық дисплейлер мен шағын кофе аймақтар орналастырылады.

– Көпфункционалды залдар – конференциялар, іскерлік жиындар мен іс-шаралар ұйымдастыруға арналған. Бұл залдар жиі аудиовизуалды жабдықтармен, проекторлармен және ыңғайлы отырғызу жүйелерімен жабдыкталады.

– Әкімшілік және қызметтік үй-жайлар – қызметкерлердің жұмысына арналған кеңселер, демалыс бөлмелері, киім ауыстыратын бөлмелер мен техникалық жабдықтарды сақтау орындары.

– Техникалық аймақтар – инженерлік жүйелер (жылыту, желдету, сумен жабдықтау және электрмен қамту) орнатылған кеңістіктер, сондай-ақ кір жуу және тазалау қызметтері осы аймақта орналасады.

– Қосымша қызмет көрсету нүктелері – фитнес-зал, СПА, сұлулық салоны, дүкендер немесе туристік қызмет көрсету пункттері.

1.3 Техничко-экономикалық көрсеткіштер

Бұл бөлімде біз жобаның негізгі бөлімдеріне,демек ғимараттың көлемі, қабаттар саны,құрылыс жұмыстарының көлеміне шолу жасап өтеміз.Негізгі көрсеткіштерінің біріне сметаны қарастырамыз, онда жылдық эксплуатационды пайда, бір шаршы метр құны және бір қонақ бөлмесі алып келетін пайданы қарастырады.Қазіргі заманның бастапқы мәселесі жарықпен ластандыру,сол мәселені көңілге ала отырып энергия үнемдей және қоршаған ортаға зиянын келтірмейтіндей экологиялық шешімдер қабылданды.

Ғимараттың технико-экономикалық көрсеткіштері келесідей:

6 қабаттан және 2 жертөледен тұрады.

Ең жоғарғы белгі +25,100

Жобаның тиімді жақтары мен сипаттамасын технико-экономикалық көрсеткіштерінен бақылаймыз.Ол жобаның оңтайлы шешімдерін табуға,әр нұсқалармен салыстыруға және бағалауға керек.

Кесте 1.1 – Техничко-экономикалық көрсеткіштер

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Қабат саны	дана	8
2	Құрылыс көлемі	м ³	273962,5
3	Құрылыс ауданы (8 қабат)	м ²	10875
4	Ғимарат ауданы	м ²	1950

1.4 Құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық шарттары

Жоба Астана қаласы, Есіл ауданында орналасқан. Астана қаласы өзінің суық ауа-райымен танымал, құрғақ климат әсерінен құрылысшыларға көптеген қиындық туындайды. Теріс температураның ұзақтығы 160-170 күнді қамтиды, ал топырақ қату тереңдігі 220 см құрайды. Сонымен қатар Астана қаласының жерасты суларының деңгейі жоғары. Ғимараттар салынбаған жерлерде су деңгейі 5м тереңдікте орналасады, ал ғимараттар салынған аумақта 0 м-ден 2 м-ге дейін тереңдікте орналасқан.

Жоба аумағында ең көп орналасқан топырақтың түрі, құм мен саздың қосындысы – саздақ.

Топырақтың негізгі сипаттамалары:

1. Топырақ түрі: Саздақ
2. Кеуектілік коэффициенті: 0,65
3. Аққыштық шегі: 0,4
4. Жыл бойынша орташа нольдік изотермасы: 43 см
5. Топырақтың қату деңгейі: 220 см

1.5 Қоршау құрылымдарының жылу-техникалық есептеуі

Ғимараттың шатыры мен сыртқы қабырғасының жылу оқшаулау қабаттарын есептеу арқылы олардың қажетті қалыңдығы анықталады. Белгілі бір жылу ағыны кезінде, осы климаттық және санитарлық жағдайларда ғимарат ішінде қолайлы температураны ұстап тұру үшін қажетті кедергіні анықтау мақсатында жылуды беру коэффициенті есептеледі.

Негізгі деректер:

- құрылыс салынатын орын – Астана қаласы;
- ішкі кеңістіктегі температура – $t_{в} = 20^{\circ}\text{C}$;
- ең суық бес күндегі орташа ауа температурасы – $t_{н5} = -31,2^{\circ}\text{C}$, [1];
- құрылыс бетінің сыртқы ауаға қатысы бойынша жылу беру коэффициенті – $n = 1$;
- жылу берілу нормативі ауытқуы – $\Delta t_{н} = 4,5^{\circ}\text{C}$, [1];
- сыртқы бөлімнің ЖӨК-і – $\alpha_{\text{сыртқы}} = 23 \frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}}$;

- ішкі бөлімнің ЖӨК-і – $\alpha_{\text{ішкі}} = 8,7 \frac{\text{Вт}}{\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}}$, [1];
- жылыту мерзімінің ұзақтығы – $z_{\text{жыл}} = 209$ тәулік, [1];
- сыртқы ауаның орташа температура – $t_{\text{от}} = -6,3^\circ\text{C}$, [1];

Сыртқы қабырғаның қалыңдығын есептеу үшін қоршау конструкциясындағы жылу беру қарқындылығын түзету қажет. Бұл үшін сыртқы қабаттың жағдайын сипаттайтын коэффициент $n = 1$ алынады.

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{n \cdot (t_{\text{в}} - t_{\text{н5}})}{\Delta t_{\text{н}} \cdot \alpha_{\text{ішкі}}} \quad (1.1)$$

мұндағы n – сыртқы ауаға қатысты қабырғаның сыртқы бетінің жағдайын ескеретін коэффициент;

$t_{\text{в}}$ – ішкі ауаның температурасы;

$t_{\text{н5}}$ – ең төменгі сыртқы температуралар;

$\Delta t_{\text{н}}$ – есептік температура айырмасы;

$\alpha_{\text{ішкі}}$ – жылу берілу нормативі.

Кесте 1.2 – Материалдардың жылутехникалық сипаттамалары

Қабат материалы	Қалыңдығы – δ , м	Жылу өткізгіштігі – λ , Вт/м ² ·°C
Сылақ құм-әк	0,02	0,80
Монолитті темірбетон	0,20	1,75
Минералды вата	0,15	0,035
Декоративті сылақ	0,005	0,80

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{1 \cdot (20 - (-20,1))}{4,5 \cdot 8,7} = 1,02 \frac{\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}$$

ЖКГТ-ны есептеу:

$$\text{ЖКГТ} = (t_{\text{в}} - t_{\text{от}}) \cdot z_{\text{жыл}} = (20 - (-6,3)) \cdot 209 = 5496,7 ^\circ\text{C} \cdot \text{тәулік}$$

Сыртқы қабырғаның термиялық кедергісі келесі формуламен есептеледі. Әр қабаттың қалыңдығын және олардың жылу өткізу қасиеттерін ескере отырып, ғимараттың қоршау элементтерінің жалпы жылу өткізгіштігі 1.2-кестеде көрсетілген.

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_{\text{сыртқы}}} + \sum \frac{\delta_1}{\lambda_1} + \frac{1}{\alpha_{\text{ішкі}}} \quad (1.2)$$

мұндағы δ_1 – шамасы қабырға құрамындағы қолданылатын қабатты қалыңдығын білдіреді, 1.2 кестеде көрсетілген.

λ_1 – материалдың ЖӨК-і, 1.2 кестеде көрсетілген.

$$R_0 = \frac{1}{23} + \frac{0,02}{0,8} + \frac{0,30}{1,75} + \frac{0,15}{0,035} + \frac{0,005}{0,8} + \frac{1}{8,7} = 4,65$$

1.6 Қонақ үйдің инженерлік жүйелері

Қонақ үйдің тиімді және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін заманауи инженерлік жүйелер кешені қарастырылған. Бұл жүйелер тұтынушының жайлылығын бірінші орынға қоя отырып, ғимараттың функционалдылығына сәйкес әзірленген.

Жылыту жүйесі:

Қонақ үйдің жылыту жүйесі орталықтандырылған түрде шешілген. Жобаға сәйкес жылу көзі электр немесе газ қазандығы бар қазандық болып табылады. Қонақтар үнемі болатын бөлмелерде жылыту аспаптары ретінде радиаторлар мен еден жылытылады. Мұндай шешім үй-жайдағы жылуды біркелкі бөлуге мүмкіндік береді және қонақтар үшін барынша жайлылықты қамтамасыз етеді.

Желдету және ауаны тазарту:

Қонақ үй ішіндегі ауаның сапасын қамтамасыз ету үшін, ағынды-сорғылы желдету жүйесі енгізілген. Бұл жүйе тұрақты ауа алмасуды қамтамасыз етеді, шаң мен аллергияларды сүзгілер арқылы тазартады. Бұл желдету жүйесі ең көп пайдаланылатын орындарда - мейрамханаларда, лоббилерде, конференц-залдарда, спорт залдарында және тұрғын жайларда орнатылған.

Ауа баптау(кондиционерлеу):

Орталық ауа баптау қонақ үй ішіндегі климатты реттеу үшін пайдаланылады. Бұл жүйе тұрғын үй-жайларда, әкімшілік департаменттерде және қоғамдық орындарда температура мен ылғалдылықтың артықшылықты деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік береді. Жүйе маусымдағы ауа температурасын автоматты түрде реттейді.

Электрмен жабдықтау:

- Негізгі қуат көзі: Қонақ үй муниципалды электр желісіне қосылған. Электр энергиясы әрбір қабатқа және жүйеге арнайы басқару пульті арқылы бөлінеді.

- Резервтік қуат: электрмен жабдықтау бұзылған жағдайда негізгі жүйелерге қызмет көрсету үшін дизель-генератор көзделген.

- Жарықтандыру: Энергияны үнемдейтін жарықдиодты шамдар қонақ үйдің ішінде және сыртында қолданылады. Жарықтандыру жүйелерін басқару тұтыну тиімділігін қамтамасыз ететін автоматтандырылған басқару жүйесімен жүзеге асырылады.

Сумен жабдықтау және су бұру жүйелері:

Қонақ үй муниципалдық су құбыры желісіне қосылған. Судың сапасын жақсарту үшін сүзгілеу жүйелері орнатылды. Ыстық су ас үйлердегі, сантехникадағы және басқа да қажетті орындардағы қазандықтар арқылы

беріледі. Пайдаланылған үй және жаңбыр суы муниципалдық кәрізге арнайы кәріз жүйесі арқылы беріледі.

Бұл күрелі техникалық шешімдер қонақ үйдің архитектуралық ерекшеліктері мен функционалдық қажеттіліктерін ескере отырып әзірленді. Барлық жүйелер қонақтардың жайлылығын, қауіпсіздігін және қызметкерлердің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған.

1.7 Ғимараттың табиғи жарық коэффициентін (КЕО) есептеу

Адамдардың ұзақ уақыт тұрақтайтын орыны үшін табиғи жарықтандыруды есептеу керек.

Осы бөлімде жобаның А-Б және 23-24 осьтерін өлшемлеріне келсек 9500x5200 мм болатын аймақты қарастырамын. Осы жақтағы терезелердің өлшемдері 1500x1500 мм, бір қабатта 11 терезеден орналасқан. ҚР ЕЖ 2.04-104-2012*-табиғи және жасанды жарықтандыру осы бөлімнен келесі формулаға керек деректерді аламыз, толық мәліметтер [17] нормативтік құжаттарда көрсетілген.

Ғимараттың ТЖК-нің көрсеткішін анықтаймыз:

$$e_N = e_H m_N = 1.5 \cdot 1 = 1.5\%$$

мұндағы $e_H = 2\%$ - ғимараттар үшін бұйырлы кездегі табиғи жарықтандыру;

$m_N = 1\%$ - жарық түсу бағдарына байланысты (Астана қаласы 1-ші әкімшілік ауданға жатады).

Келесі есепте ғимарат жағдайынды табиғи жарық көрсеткішін анықтаймыз:

$$e = \sum_{i=1}^n \left(\frac{\tau_i \cdot r_i \cdot \Phi_i \cdot \cos^3 \theta_i}{\pi \cdot A_p} \right) \cdot 100\% = \left(\frac{0,7 \cdot 0,6 \cdot 25 \cdot \cos^3 45^\circ}{3,14 \cdot 30} \right) \cdot 100\% \\ = 1,69\%$$

мұндағы e – табиғи жарық көрсеткіші, (%)

$\tau_i = 0.7$ – терезе әйнегінің жарық беру коэффициенті

$r_i = 0.6$ – сыртқы және ішкі беттерден жарықтың шағылысуының коэффициенті (өте ашық қасбет бояулары үшін)

$\Phi_i = 25 \text{ м}^2$ – әйнектелген аудан

$\theta = 45^\circ$ – қалыпты әйнектеу мен есептеу нүктесіне бағыт арасындағы бұрыш

$A_p = 30^\circ$ – қалыпты әйнектеу мен есептеу нүктесіне бағыт арасындағы бұрыш.

$$e_N = 1.5\% < e = 1.69\%$$

Шарт орындалды.

Ғимарат үшін табиғи жарықтандыру минималды талап етілген табиғи жарық көрсеткішінен жоғары.

1.8 Энергия тиімділігін арттыру

Қазіргі заманғы қонақ үйлерді жобалау кезінде экологиялық таза және тұрақты энергетикалық шешімдерді қолдану маңызды рөл атқарады. Соның ішінде күн энергиясын пайдалану – қонақ үйдің электр қажеттіліктерін тиімді және қоршаған ортаға зиянсыз жолмен қамтамасыз етудің озық тәсілдерінің бірі болып табылады.

Күн сәулесінен алынатын энергияны тиімді пайдалану үшін қонақ үйдің шатырына арнайы күн панельдері орнатылады. Бұл панельдер күннің табиғи энергиясын жинақтап, оны электр қуатына түрлендіреді. Жиналған энергияны қонақ үйдің түрлі аймақтарында — фойе, холл, дәліздер, мейрамхана, техникалық бөлімдер мен тіпті кейбір тұрғын бөлмелердің жарықтандыру жүйесінде қолдануға болады.

Мұндай жаңартылатын энергия көзі дәстүрлі қуат жүйелеріне (мысалы, көмір немесе мұнай негізіндегі) деген тәуелділікті азайтады. Сонымен қатар атмосфераға таралатын зиянды шығарындылар мен парниктік газдардың көлемі төмендеп, жалпы экологиялық әсер едәуір қысқарады. Бұл қонақ үйдің тұрақты даму қағидаларына сай әрекет етіп жатқанын көрсетіп, оның экологиялық беделін арттырады.

Күн энергиясын енгізу — тек экологиялық шешім ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімді перспективада қаржылық үнемділікті қамтамасыз ететін стратегия. Энергия шығындарын азайту арқылы қонақ үйдің қызмет көрсету тиімділігі артады әрі қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау саясаты нығаяды.

1.9 Ғимараттың көлемдік жоспарлау шешімдері

Жоба 8 қабаттан тұрады:

- жер асты бөлігінде биіктігі 3 метрге тең екі қабат;
- жер үсті бөлігінде биіктіктері 3 метрден қабаттар орналасқан.

Ғимараттың көлемдік жоспарлау шешімдері -3,000 белгісінің жер асты бөлігі 1.5 кестеде, $\pm 0,000$ белгісінің бірінші қабаты 1.6 кестеде, +3,000 белгісінің екінші қабаты 1.7 кестеде және де +18,000 белгісінің үшінші қабаты 1.8 кестеде көрсетілген. Бұл деректер Б-қосымшасында көрсетілген.

1.10 Іргетас пен оның төсеу тереңдігін есептеу

Іргетасты жобалау кезінде оны және жабынды қабаттарын есептеу үшін бастапқы көрсеткіштер қажет. Олар мыналар:

1. Ғимараттың жалпы биіктігі — 25,1 м;
2. Ені — 20 м;

3. Ұзындығы — 70 м.

Астана қаласына тән топырақ қабатының маусымдық қату тереңдігі нормативтік әдістеме бойынша анықталады:

$$d_{fn} = d_0 \cdot \sqrt{M_t} = 0,22 \cdot \sqrt{(15,1 + 14,8 + 7,7 + 5,5 + 12,1)} = 1,63 \text{ м}$$

мұндағы M_t – аудандағы қыстың орташа айлық теріс температурасының абсолюттік мәндерінің қосындысына сандық тең өлшемсіз коэффициент. Бұл деректер ҚР ҚЖ 2.04-01-2017, Құрылыс климатологиясы 3.3-кестеден алынған, M_t сияқты мәліметтер [1] нормативтік құжаттарда көрсетілген.

Маусымдық қату тереңдігін болжамды тереңдігі үшін келесі формула қолданылады:

$$d_f = k_h \cdot d_{fn} = 0,4 \cdot 1,63 = 0,652 \text{ м}$$

мұндағы d_{fn} – нормативке сәйкес есептелетін қату тереңдігі;
 k_h – құрылыс алаңының жылулық тәртібіне әсер ететін коэффициент;

Біз білетіндей Астана қаласында жүк көтергіштігі төмен топырақ түрлері, ғимарат салмағының үлкендігі, жер асты суларының жоғарғы деңгейінен ең тиімді шешім ол -қадалы іргетас. Мен жобамда қадалы іргетасты жоғарыда айтылып кеткен себептермен қадалы іргетасты пайдаландым.

Кесте 1.3 – Темірбетонды призматикалық қадалар

Қада қимасы, мм	Қада ұзындығы, м	Бетон маркасы	Бойлық арматураның қимасы мен классы
450×450	10	С 20/25	4d12 S400

Қадаға есептік (рұқсат берілетін) жүктеме мынадай формула бойынша анықталады:

$$P = \frac{F_d}{\gamma_g} \quad (1.3)$$

мұндағы $\gamma_g = 1,4$ – топырақ бойынша сенімділік коэффициенті.

$$P = \frac{F_d}{\gamma_g} = \frac{1075,92}{1,4} = 768,5 \text{ кН}$$

Қадалар санын анықтау

$$n = k \frac{N + G_{\text{гр}}}{P} = 1,2 \frac{3500 + 225}{768,5} = 4$$

Ростверктің конструкциясы

Егер қадалар аспалы болса, онда қадалардың осьтері арасындағы ең аз қашықтық кемінде $3d$ деп қабылданады.

Аспалы қадалар үшін $3d = 3 * 0,45 = 1,35 \text{ м}$

1.11 Құрылымдық жобалау шешімдер

Астанада жобаланған 8 қабатты қонақ үй кешені үшін құрылымдық элементтердің өлшемдері мен қималарын мұқият таңдау өте маңызды. Бұл ғимараттың сенімділігі мен ұзақ қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Қаңқалық жүйенің негізгі тік көтеруші элементтері – колонналар. Олар жабын плиталарынан түсетін жүктемені қабылдап, оны іргетасқа береді. Бұл жобада колонналар монолитті темірбетоннан жасалып, олардың көлденең қимасы $450 \times 450 \text{ мм}$ болып белгіленген. Негізгі құрылыс материалы – С20/25 бетон, ал жұмыс арматурасы ретінде S500 таңдалған.

Әр қабатты бір-бірінен бөліп тұратын жабын плиталары – көлденең көтеруші құрылымдар ретінде қарастырылады. Олар ғимараттың кеңістік тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Барлық қабаттарда жабын плитасының қалыңдығы 200 мм болып қабылданды. Бұл қалыңдық жүктемелерді көтеруге және қабатаралық дыбыс оқшаулауына жеткілікті. Негізгі құрылыс материалы – С20/25 бетон, ал жұмыс арматурасы ретінде S500 таңдалған.

Қабаттар арасындағы тік байланысты қамтамасыз ететін баспалдақтар мен лифт шахтасы да маңызды құрылымдық элементтер болып табылады. Олар эвакуациялық жолдардың құрамына кіреді. Баспалдақ маршының ені 1500 мм , бір баспалдақтың биіктігі $150\text{--}180 \text{ мм}$, ал ені 300 мм . Бұл көрсеткіштер қауіпсіздік пен ыңғайлылықты ескере отырып таңдалған.

Іргетас ғимараттың барлық жүктемесін қабылдап, оны жерге таратады. Бұл жобадағы топырақ жағдайларына қарай, диаметрі 450 мм , ұзындығы 10 м аралығындағы бұрғыланған қадалар қолдану көзделіп отыр. Материал ретінде С20/25 маркалы, су өтімділігі W4 және аязға төзімділігі F75 бетон пайдаланылып, жұмыс арматурасы S500 қабылданды.


Қабырғалар мен бөлімдер де монолитті темірбетоннан салынады. Сыртқы қабырғалардың қалыңдығы – 370 мм , ал ішкі қабырғалар (перегородкалар) – 150 мм .

Барлық өлшемдер мен материалдар құрылыс нормалары мен стандарттарына сай есептеліп таңдалған. Монолитті темірбетонды пайдалану арқылы құрылым сенімді, берік әрі ұзақ мерзімді болады. Ол ғимаратты

пайдалану кезіндегі барлық жүктемелер мен сыртқы әсерлерге төтеп бере алады.

1.12 Ғимараттың есептік моделі

Астана қаласында орналасқан қонақ үй нысанының есептік моделі ЛИРА-САПР бағдарламалық кешенінде құрастырылып, оның сызбалық схемасы «1.7 суретке сәйкес» берілген.



1.7-сурет – Конструкциялық есептеулеріне негізделген схема

2 Есеп-құрылымдық бөлім

Қазіргі таңда құрылыс индустриясында BIM технологиялары кеңінен енгізіліп, жобалау үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Осыған байланысты конструктивтік есептерді орындауда ЛИРА-САПР бағдарламалық кешенін пайдалану — тиімді әрі заманауи әдіс ретінде бағаланады. Бұл жүйе, әсіресе, Ресей мен ТМД елдерінде кеңінен таралған және есептеу жұмыстарын оңай әрі дәл орындауға мүмкіндік береді.

ЛИРА-САПР бағдарламасы жобалауда теориялық негіздермен қатар практикалық есептеулер жүргізуде жоғары дәлдікпен ерекшеленеді. Оның көмегімен құрылыс конструкцияларының сенімділігі тексеріліп, инженерлік шешімдердің сапасы артады. Сондықтан да бұл бағдарламаны жобалау барысында қолдану — тиімділік пен нақтылықты қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады.

2.1 Бастапқы мәліметтер

Жобаланатын нысан Астана қаласының аумағында орналасқан. Құрылыс алаңындағы топырақ құрамына қарай — саздақ түріне жатады.

Жоспарланып отырған ғимараттың функциясы — қонақ үй ретінде пайдаланылуы көзделген.

Ғимарат құрылымы екі бөліктен тұрады:

- жерасты бөлігі — екі қабатты, әр қабаттың биіктігі 3 метр шамасында;
- жерүсті бөлігі — алты қабатты, барлық қабаттардың биіктігі бірдей, 3 м.

Құрылыста қолданылатын негізгі құрылыс материалдары ретінде С20/25 маркалы бетон және арматураның S500 мен S240 класстары таңдалған.

2.2 Жүктемелерді енгізу

Құрылымдық есептеулерді орындау үшін ЛИРА-САПР бағдарламасының «Жүктеме редакторы» бөлімінде ғимаратқа әсер ететін барлық күштер мен жүктемелер енгізілді. Бұл мәліметтер жүктеме түріне қарай жүйеленіп, 2.1-кестеде ұсынылған стандарттарға сәйкес келтірілді. Әрбір жүктеменің атауы мен сипаттамасы арнайы блоктарда жеке-жеке көрсетіліп, жобаға бейімделген.

ЛИРА-САПР бағдарламалық кешенін пайдалану — тиімді әрі заманауи әдіс ретінде бағаланады. Бұл жүйе, әсіресе, Ресей мен ТМД елдерінде кеңінен таралған және есептеу жұмыстарын оңай әрі дәл орындауға мүмкіндік береді.

Барлық өлшемдер мен материалдар құрылыс нормалары мен стандарттарына сай есептеліп таңдалған. Монолитті темірбетонды пайдалану арқылы құрылым сенімді, берік әрі ұзақ мерзімді болады.

Кесте 2.1 – Ғимаратқа әсер ететін күйлер мен олардың сипаты

№	Әсердің түрі	Сипаттамасы
1	Ғимараттың өз салмағы	Тұрақты күш
2	Еденге түсетін жүктеме	Тұрақты күш
3	Сыртқы қабырғаларға түсетін қысым	Тұрақты күш
4	Жер асты топырақ қарсыласуы	Тұрақты күш
5	Өтпелі (қосымша) әсерлер	Уақытша күш
6	Қардың қабырғаға және шатырға түсімі	Уақытша қар
7	X осі бағытындағы желдік қысым	Уақытша жел
8	У осі бағытындағы желдік қысым	Уақытша жел

2.2.1 Тұрақты әсер ететін жүктемелер

Конструкцияға үздіксіз әсер ететін жүктемелер (сонымен шамасы, бағыты мен қолдану орны тұрақты болып қалатын күштер) негізгі есептеу объектісі саналады. Мұндай санатқа ғимараттың өз салмағы және іргетасқа түсетін топырақ қысымы жатады. А.1-кестеде еден, шатыр және сыртқы қапталдар үшін жеке-жеке есептелген тұрақты жүктемелер көрсетілген. Осындай жүктемелерді анықтау әдістемесі мен толық формулалар А қосымшасында толығымен баяндалған.

2.2.2 Қардың түсіретін әсері

Жабынды қалың қар жамылғысы қоятын жүктемені есептеу кезінде Астана қаласы V климаттық аудан ретінде алынған. Осы аймақтағы стандартты қар жүктемесі $1,92 \text{ кН/м}^2$ ретінде нормативтік құжаттарда бекітілген. Қар массасы бойынша детальды есептеу мен қолданылған коэффициенттер, аралық есептік мәндер А қосымшасында егжей-тегжейлі сипатталған. Қосымша ақпаратты [4] және [6] сілтемелері арқылы алуға болады.

2.2.3 Жел әсері бойынша жүктемелер

Желдің динамикалық қысымын есептеуде ҚР бойынша бекітілген жел жылдамдығы картасы базалық ақпарат көзі ретінде пайдаланылды. Карта нәтижесінде Астана қаласы IV жел аймағына жатқызылып, сәйкес коэффициенттер таңдалды. Желдік әсер есептелгенде жабын деңгейіндегі биіктіктер келесідей ескерілді:

- 1-қабат: қабат биігінің жартысы (1 500 мм);
- 2–3 қабаттар: қабат биігі (3 000 мм және 6 000 мм);
- шатыр: есептік жолақ биіктігі 1 500 мм.

Желдік жүктемелердің сандық нәтижелері А.4-кестеде берілген, ал жүктеме коэффициенттері мен әдістемелік түсініктемелер А қосымшасында толық ұсынылған. Есептеулер барысында пайдаланылған нормативтік

көрсеткіштер [5] құжатында нақтыланған.

2.3 Өртүрлі есептік жағдайларға арналған жүктеме үйлесімдері

РСН үйлесімдері [2] әдебиеттегі талаптарға сай келетін формулалар арқылы анықталады. Осы есептік комбинацияларды ЛИРА-САПР бағдарламасының тиісті модулінде енгізген кезде қолданылатын коэффициенттер А.3, А.3.1-кестеде көрсетілген. Ол А қосымшасында нақтылап көрсетілген.

2.4 Құрылыс іргетасын құрайтын топырақтың модельдік параметрлеруі

Астана қаласының топырақ қабатының физикалық көрсеткіштері зерттеу нәтижелері бойынша төрт негізгі қабатқа бөлінді:

1. ИГЭ-1 : Үйілген құм шанды - бұл бос және ұсақ бөлшектерден тұратын материал, негізінен ұсақ құм мен шаңнан тұрады. Мұндай құм әлсіз байланысқан және ылғалдың өзгеруіне сезімтал. Сондықтан, ол құрылыста пайдаланған кезде құрылысқа берік емес, бірақ уақытша негіздер үшін қолайлы:

- Деформация модулі (E) – 20 МПа;
- Топырақтың меншікті салмағы (γ) – 15 кН/м³;
- Табиғи ылғалдылығы (w) – 6 %;
- Аққыштық көрсеткіші I_L – 0,1 (қатты консистенция);
- Кеуектілік коэффициенті (e) – 0,6;
- Топырақтың меншікті ілінісуі (c) – 20 кПа.

2. ИГЭ-2: құм-қыш қоспасы (супес)

Құрамында басым құммен қатар ұсақ баландар мен пластикалық элементтер бар, орташа су өткізу қабілеті және беріктігі сипатталады:

- $E = 30$ МПа;
- $\gamma = 17$ кН/м³;
- $w = 12$ %;
- $I_L = 0,5$ (пластикалық консистенция);
- $e = 0,7$;
- $c = 25$ кПа.

3. ИГЭ-3: саздақ

Саз бен құмның араласқан түрі, жоғары пластикалық қасиетке ие, судың көбеюі-қысқаруы кезінде құрылымы едәуір өзгереді:


- $E = 50$ МПа;
- $\gamma = 18$ кН/м³;
- $w = 20$ %;
- $I_L = 1,0$ (пластикалық консистенция);
- $e = 0,5$;
- $c = 40$ кПа.

4. ИГЭ-4 Балшық-жартылай қатты және аз пластикалық топырақ, оның беріктігі жоғары. Бұл топырақ негізінен ауыр құрылыс объектілерінің қоры ретінде қолданылады, бірақ жоғары ылғалдылығы кезінде оны ұқыпты қолдану қажет.,топырақ үшін:

- $\gamma = 19 \text{ кН/м}^3$;
- $w = 12 \%$;
- $IL = 0,4$ (пластикалық консистенция);
- $e = 0,3$;
- $c = 50 \text{ кПа}$.

	№ ИГЭ	Усл. обозн.	Наименование грунта	Цвет	Модуль деформации, кН/м2	Коэффициент Пуассона	Удельный вес грунта, кН/м3	Коэффициент перехода ко 2 модулю деформации	Природная влажность, доли	Показатель текучести IL	Вода Лесс Насыль Органи-	Коэффициент пористости e	Содержание растительных остатков, q	Удельное сцепление Rc, кН/м2	Угол внутреннего трения ϕ , °	Предельное напряжение растяжения Rs, кН/м2	Коэффициент Савинова Co, кН/м3	Коэффициент пропорциональности K, тс/м**4 и код грунта		
	1		Насыпной		9806.65	0.3	17.652	5	0.05	0.2		0.7	0	4.90332	16	0.980665	9806.65	235	Cf	Глина текучеplastичная IL=0.
	2		Песок пылеватый		17652	0.3	17.1616	5	0.25		W	0.54	0	0.980665	31	0.196133	8825.98	400	S0	Песок пылеватый e=0.6...0.8.
	3		Супесь		19613.3	0.3	17.8481	5	0.26	1.1	W	0.72	0	7.84532	22	1.56906	14710	235	Sp	Супесь пластичная IL=0...0.75
	4		Суглинок тугопласт.		17652	0.35	18.3384	5	0.17	0.26		0.68	0	19.6133	18	3.92266	19613.3	496	Ls	Суглинок тугопластичный или пол.
	5		Глина полутвердая		21574.6	0.42	18.8288	5	0.02	0.15		0.8	0	49.0332	16	9.80665	24516.6	540	Cs	Глина тугопластичная или пол.

2.1-сурет – Топырақтың параметрлер құрылымы



2.2-сурет – Ғимарат нысанының жер бетінде орналастырылу сызбасы

2.5 Есеп нәтижелерін сараптау және растама жасау

ЛИРА-САПР бағдарламалық кешені құрылыс құрылымдарының жобаларын әзірлеу және олардың талдауын жүргізу үшін кеңінен қолданылады. Бұл бағдарламаның нәтижелерін талдаудың бірнеше маңызды себептері бар:

– Құрылымның сенімділігі мен тұрақтылығын бағалау. Бұл процесс құрылымның жобада көрсетілген жүктемелерге төтеп беру қабілетін, оның беріктік, деформация және тұрақтылық көрсеткіштері бойынша белгіленген нормативтік талаптарға сәйкестігін анықтауға мүмкіндік береді.

– Конструкцияны оңтайландыру. Нәтижелерді талдау құрылымның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, құрылымның сенімділігі мен қауіпсіздігін төмендетпей, материалдардың көлемі немесе құны жағынан оңтайландыруды жүзеге асыруға көмектеседі.

– Ғимарат моделінің дұрыстығын тексеру. Есептеу нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін, алдымен ғимараттың геометриялық параметрлерінің дұрыс анықталғанына, қолданылатын жүктемелердің дәлдігіне

және құрылыс материалдарының сәйкестігіне көз жеткізу қажет.

– Қателіктер мен кемшіліктерді анықтау. Есептеулердің дұрыстығын тексеру қателік немесе сәйкессіздік болған жағдайда, оларды ерте кезеңде анықтауға көмектеседі. Бұл болашақта құрылымның тұрақсыздығына немесе қауіпті жағдайларға әкелетін қателіктерден сақтануға мүмкіндік береді.

– Нормативтік талаптарға сәйкестігін тексеру. Құрылыс жобаларында қолданылатын әр түрлі стандарттар мен нормативтік құжаттар бар. Бағдарлама арқылы алынған нәтижелер осы талаптарға қаншалықты сәйкес келетінін бағалауға мүмкіндік береді.

ЛИРА-САПР бағдарламасының нәтижелерін талдау және тексеру құрылымдардың беріктігін, қауіпсіздігін және тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды кезеңі болып табылады. Дипломдық жобаның аясында Астана қаласында орналасатын қонақ үй кешенінің құрылымдық есептерінің қорытындылары мен олардың верификациялау қадамдары А қосымшасында толық сипатталған.

2.6 Құрылымдық бөліктерді есептеу

Қабырға есебі

Ғимараттың С осіндегі А және В арасындағы қабырғаны алу арқылы қаттылық диафрагмасын анықтаймыз. Бұл мақсатта бір метрлік есептік жолақ таңдалып, оған қажет арматуралық аудан есептеледі. Нәтижесінде, қиманың өлшемі $1 \times 0,37$ м болып шығады.

Материалдардың сипаттамасы

Жобада қолданылатын бетон маркасы – С20/25, ал негізгі жұмыс арматурасы – S500.

С20/25 класты бетон үшін келесі көрсеткіштер есепке алынады:

$$f_{ck} = 20 \text{ МПа}$$

$$\gamma_c = 1,5$$

$$f_{cd} = a_{cc} \cdot \frac{f_{ck}}{\gamma_c} = 0,85 \cdot \frac{20}{1,5} = 11,3 \text{ МПа}$$

S500 класты арматура үшін келесі көрсеткіштер есепке алынады:

$$f_{yk} = 500 \text{ МПа}$$

$$\gamma_s = 1,15$$

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{500}{1,15} = 434,8 \text{ Мпа}$$

$$E_s = 200000 \text{ Мпа}$$

Бағдарламаны қолдана отырып момент және көлденең күштерді есепке аламыз:

$$N = 945,8 \text{ кН}$$

$$Q = 85 \text{ кН}$$

$$M = 79,2 \text{ кН}$$

Қабырға элементінің иілгіштік көрсеткіші шектік деңгейден төмен болса, онда оның екінші реттік ықпалын есептеу қажеттілігі болмайды.

Ал конструкцияның рұқсат етілетін ең үлкен иілгіштік шегі (2.6) формуласы негізінде анықталады.

$$\lambda_{lim} = \frac{20ABC}{\sqrt{n}} \quad (2.1)$$

мұндағы A – [12] бойынша 0,7 тең деп қабылданады;

B – [12] бойынша 1,1 тең деп қабылданады;

C – [12] бойынша 1,7 тең деп қабылданады;

n – салыстырмалы бойлық күш.

$$n = \frac{N_{Ed}}{A_c \cdot f_{cd}} = \frac{946 \cdot 10^3}{1000 \cdot 370 \cdot 11,3} = 0,22$$

мұндағы N_{Ed} – салыстырмалы бойлық күш;

A_c – конструкция бөлігінің көлденең қимасы;

f_{cd} – бетон материалдарының қысу күшіне қарсы есептік беріктігі ретінде қарастырылады.

$$\lambda_{lim} = \frac{20 \cdot 0,7 \cdot 1,1 \cdot 1,7}{\sqrt{0,22}} = 55,82 \text{ мм}$$

Қабырға элементінің икемділік дәрежесі (2.7) формуласын қолдану арқылы есептеліп анықталады.

$$\lambda = \frac{l_0}{i} \quad (2.2)$$

мұндағы l_0 – элементтің есептеулерінде қолданылатын ұзындық шамасы ретінде қарастырылады:

$$l_0 = 0.75 \cdot 3000 = 2250 \text{ мм}$$

$$\lambda = \frac{2250}{72,2} = 31,2 \text{ мм}$$

$$\lambda = 31,2 \text{ мм} < \lambda_{lim} = 55,82 \text{ м}$$

Қабырғаның икемділік шарты орындалған жағдайда, оның екінші реттік әсерін тексеру қажет болмайды. Бұл жағдайда қабырға конструктивті түрде арматураланады.

Егер қабырға элементінің икемділік көрсеткіші белгіленген шектік мәнге сәйкес келсе, онда оның екінші реттік деформациясын есептеу қажеттілігі туындамайды. Бұл жағдайда қабырға толық көлемде арматураланады. ҚР ЕЖ EN 1992-1-1:2004/2011 нормативінің ұлттық қосымшасына сәйкес, бойлық бағыттағы арматураның минималды диаметрі кем дегенде 12 мм болуы тиіс.

Сонымен қатар, ғни талаптары бойынша, қабырғаның шеткі (перифериялық) бөліктері арнайы кеңістіктік жақтаулармен бекітіледі. Бұл учаскелер ғимарат қабырғасының жалпы ұзындығының кемінде 15%-ын және қабырға қалыңдығының 1,5 есесін қамтуы қажет. Мұндай жақтауларда бойлық арматураның диаметрі 8 мм-ден төмен болмауы міндет.

Ал перифериялық аймақтардағы қысқыш арматуралар ілмекпен тоқылып, толық жабық түрде байланыстырылуы тиіс, олардың диаметрі ең аз дегенде 6 мм болуы керек.

$$l_{\text{пер.зона}} = \max \begin{cases} 1,5 \cdot 370 = 555 \text{ мм} \\ 0,15 \cdot 7900 = 1185 \text{ мм} \end{cases}$$

Қабырғаның перифериялық бөлігі үшін қабылданатын ең төменгі арматуралық аудан мынадай өлшеммен анықталады:

$$A_{s,min}^{\text{пер.зона}} = 0,2\% A_c = \frac{0,2 \cdot 1000 \cdot 370}{100} = 740 \text{ мм}^2$$

Қабырға перифериясында орнатылатын арматура үшін ең жоғарғы ауданды келесі формула бойынша есептеу арқылы анықталады:

$$A_{s,max}^{полевая} = 4\%A_c = \frac{4 \cdot 1000 \cdot 370}{100} = 14800 \text{ мм}^2$$

Конструктивтік талаптарға сәйкес, қабырғаның шеткі бөлігінде вертикалдық арматураны 150 мм ара қашықтықпен, қалыңдығы 12 мм болатын стерженьдер түрінде орналастыру қарастырылды. Оларды бір-бірімен байланыстыратын тіреуіш ретінде 150 мм қадамымен, диаметрі шамамен 6 мм болатын байлау элементтері (хомуттар) пайдаланылады.

Қабырғаның өрістік (орталық) аймағына арналған арматуралық аудан.
- ең төменгі қабылданатын мәні:

$$A_{s,min}^{поле.зона} = 0,1\%A_c = \frac{0,1 \cdot 1000 \cdot 370}{100} = 370 \text{ мм}^2$$

- ең жоғарғы қабылданатын мәні:

$$A_{s,max}^{полевая} = 4\%A_c = \frac{4 \cdot 1000 \cdot 370}{100} = 14800 \text{ мм}^2$$

Қабырғаның орталық аймағында вертикаль арматура 12 мм қалыңдықтағы стерженьдер түрінде 200 мм қадаммен орналастырылады, ал көлденең байлау элементтері ретінде 10 мм диаметрлі арматура 200 мм ара қашықтықпен қабылданды.

Плитаны қарастырсақ:

Бетонны есептік беріктігі:

$$f_{cd} = a_{cc} \frac{f_{ck}}{\gamma_c} = 0.85 \frac{20}{1.5} = 11.3 \text{ МПа}$$

Арматураның есептік беріктігі:

$$f_{yd} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} = \frac{500}{1.15} = 434.8 \text{ МПа}$$

Ли́ра Сапр бағдарламасынан алынған иілу момент мәні:

$$M_{eds} = M_y = 79,2 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Арматураның жұмыс биіктігі:

$$d = h - c_1 = 200 - 35 = 165 \text{ мм}$$

мұндағы $c_1 = 35$ мм арматура үшін қорғаныш қабаты.

Арматураны тағайындау үшін ең алдымен k_d коэффициентін табамыз:

$$k_d = \frac{d}{\sqrt{\frac{M_{eds}}{1}}} = \frac{16.5}{\sqrt{\frac{79.2}{1}}} = 1.85$$

C20/25 маркалы бетонға арналған k_s коэффициентін В.4 қосымшасындағы әдістемені пайдаланып есептейміз. Сәйкесінше $k_{s1} = 2.54, k_{s2} = 0.60, p_1 = 1.02, p_2 = 1.93$. Созылған арматура ауданы сәйкесінше:

$$A_{s1} = p_1 \cdot k_{s1} \cdot \frac{M_{eds}}{d} = 1.02 \cdot 2.54 \cdot \frac{79.2}{16.5} = 12.04 \text{ см}^2$$

Адымы 200 мм ден қабылдап 1 метр жолақ үшін диаметрі 16 мм болатын арматура 6 дана қойылады ($A_{s1} = 12.06 \text{ см}^2$).

Сығылған бөлігі үшін арматура ауданы:

$$A_{s2} = p_2 \cdot k_{s2} \cdot \frac{M_{eds}}{d} = 1.93 \cdot 0.60 \cdot \frac{79.2}{16.5} = 5.56 \text{ см}^2$$

Адымы 200 мм ден қабылдап диаметрі 12 мм болатын арматура 6 дана арматура қабылданады ($A_{s1} = 6.79 \text{ см}^2$).

3 Құрылыс өндірісін ұйымдастыру және технологиялық шешімдер

Құрылыс процесі – бұл ғимаратты тұрғызу, жөндеу немесе қайта құру мақсатындағы кешенді өндірістік операциялар тізбегі, ол әртүрлі жұмыстар мен техникалық іс-шаралардан тұрады. Іс жүзінде әрбір жоба бірнеше кезеңнен өтеді: құрылыс алаңында дайындық, іргетас салу, жертөледегі жұмыстар және ғимараттың басқа да жерасты бөліктерінің құрылысын қамтиды. Осы дайындық кезеңін әдетте нөлдік цикл деп атайды.

3.1 Алғашқы мәліметтерді дайындау және деректерді нақтылау

Беткейдегі топырақтың орнықтылығы оның физикалық қасиеттерімен және беткейдің биіктігі мен қисықтығымен анықталады.

Орналасқан беткейдің тіктігіне қарай топырақ тұрақтылығы мынадай формуламен бағаланады:

$$\frac{H}{a} = \frac{1}{m} \quad (3.1)$$

мұндағы H – еңістің биіктігі;

a – еңістің көлденең проекциясынның ұзындығы.

Кесте 3.1 – Уақытша қазбалар мен траншеялардың беткейлерінің максималды рұқсат етілген тік қимасы

Топырақ тобы	Топырақ түрі	Шұңқырдың тереңдігі, м					
		1,5 м дейін		1,5-тен 3 метрге дейін		3-тен 5 метрге дейін	
		Көлбеу бағыты мен көлденең арасындағы бұрыш, град	Көлбеудің тік коэффициенті	Көлбеу бағыты мен көлденең арасындағы бұрыш, град	Көлбеудің тік коэффициенті	Көлбеу бағыты мен көлденең арасындағы бұрыш, град	Көлбеудің тік коэффициенті
III	Саздақ	90	1	63	0,5	53	0,75
	Балшық	90	1	76	0,25	63	0,5

3.2 Жұмыс көлемін анықтау

Құрылыс жұмыстарын бастамас бұрын құрылыс алаңын қоршау жұмыстарын атқару керек. Қоршау алаңының периметрі (3.2) формула арқылы анықталады.

$$P_{\text{қоршау}} = (20 + l_1) \cdot 2 + (20 + l_2) \cdot 2 \quad (3.2)$$

